

«Бекітемін»
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
А Аубакирова А.М.
« 01 » 02 2025 ж.

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында
«Заң және тәртіп» идеологиясын іске асыру мақсатында
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
«Үздік TikTok, бейнеролик» байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 Осы бейнеролик байқауы (бұдан әрі - Байқау) туралы ереже «Көлік колледжі» КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Үздік TikTok, бейнеролик» байқауының өткізу тәртібі мен шарттарын регламенттейді.
- 1.2 Байқау колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру, жастарды қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру жөніндегі жұмысқа тарту мақсатында өткізіледі.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ

- 2.1 Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру;
- 2.2 Студенттерді сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне теріс көзқарасты тәрбиелеу;
- 2.3 Колледж студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- 2.4 Студент жастардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

3. БАЙҚАУДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

- 3.1 Студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- 3.2 Парасаттылық, әділдік және адалдық қағидаттарын насихаттау;
- 3.3 Студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды күшейту.

4. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

- 4.1 Байқауға колледжіміздің 1-3курс студенттері қатысады.

5. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ

- 5.1 Байқау жұмыстарын қабылдау – 2025ж. 10 ақпанынан 24 ақпанына дейін.
- 5.2 Қорытындылау - 2025ж. 26 ақпанында.

6. БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- байқау тақырыбына сәйкес кез келген қолжетімді құралдармен түсірілген бейнероликтер ұсынылады;
- қатысушылар бейнеролик жанрын өздері анықтайды (сұхбат, репортаж, бейнеклип және т.б.);

- бейнероликтің максималды ұзақтығы - 3 минуттан аспайды;
- бейнероликтің форматы mp4, минималды стандарт талабы: 720*480;
- сахналық тұлғалар мен кейіпкерлердің сюжеті, әрекеті Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуге тиіс, ұсынылған жұмыстарда жалған, дұрыс емес мәліметтерді пайдалануға рұқсат етілмейді.

7. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

7.1 Материалды ұсынудың өзіндік ерекшелігі, тақырыпты ашудың эстетикасы, толыққандылығы мен тереңдігі, ұсынылған идеяның өзіндік ерекшелігі, ауызша сөйлеу мәдениеті, ойлаудың бірегейлігі, бейнероликтің сапасы мен дыбысы.

8. БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ

8.1 Жеңімпаздар дипломдармен марапатталады.

8.2 Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар туралы ақпарат колледждің әлеуметтік парақшаларында орналастырылады.